



**"Технологияларды "жасыл" технологиялар деп тану қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 18 тамыздағы № 576 қаулысына
өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 4 қарашадағы № 919 қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Технологияларды "жасыл" технологиялар деп тану қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 18 тамыздағы № 576 қаулысына
мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Технологияларды "жасыл" технологиялар деп тану
қағидаларына қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 4 қарашадағы
№ 919 қаулысына
қосымша
Технологияларды "жасыл"
технологиялар ретінде
тану қағидаларына
қосымша
Нысан

Технологияны "жасыл" технология ретінде тану туралы өтініш

	Кімге: _____ (уәкілетті органның атауы) Кімнен: _____ (Т.А.Ә. (бар болса) / (өтініш берушінің толық атауы)) Мекенжайы _____ (индекс, қала, аудан, облыс, көше, үй №, телефон, e-mail) Өтініш берушінің деректемелері _____ _____ (БСН, ЖСН)
--	--

(технологияның атауы) технологиясын "жасыл" технология ретінде тану туралы
ұсынылған өтінішті қарауды сұраймын. Технология туралы ақпарат:

Технологияның сипаттамасы _____

(технологияның атауы (бірегей атауын, модель нөмірін (бар болса), саудалық атауын,

шартты белгіні немесе қазіргі нұсқасы туралы ақпаратты қоса алғанда)

Технологияның қолданылу аясы: _____

Технологияның мақсаты: _____

Репрезентативтік көрсеткішті қоса алғанда, технологияның "жасыл" технология өлшемшарттарына болжамды сәйкестігі: _____

Пайдаланылуы болжанатын материалдар/шикізат типі (типтері) (су, сүрек, қалдықтар, көмір, газ және т.б.): _____

Өлшенетін сандық және сапалық көрсеткіштер/технологияның қасиеттері және оларға

қалай қол жеткізіледі: _____

Технологияның жұмыс істеу қағидаты: _____

Технологияны ендіруден болатын әлеуетті экологиялық әсер (сапалық және (немесе)

сандық): _____

Технологияға және оны пайдалануға қатысты заңнамалық талаптар немесе нормативтер: _____

Технологияның "жасыл" технологиялар бойынша басқа халықаралық, мемлекетаралық немесе ұлттық стандарттарға сәйкестігі:

(егер сәйкес болса, стандарттар көрсетілсін)

Технологияны пайдалану және өрістету шарттары мен оған қойылатын талаптардың сипаттамасы: _____

Техникалық және сервистік қызмет көрсетуге және жөндеуге қойылатын талаптар: _____

Технологияның болжамды қызмет ету мерзімі: _____

Қауіпсіздік және денсаулық сақтау бойынша талаптар (бар болса)

	Өтініш берушінің Т.А.Ә. (бар болса) /	ҚОЛЫ
	Заңды тұлға басшысының Т.А.Ә. (бар болса)	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК